

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы  
(2005 жылғы 1 желтоқсандағы)**

2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 76 филиалы мен 75 өкілдігі бар.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және «БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ» АҚ-ы.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

**Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны желтоқсан айында 75 584 (1,01%-ке) ұлғайып, ағымдағы жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 7 528 281 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 30,47%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,13%, «ҰларҮміт» – 14,67%, «Валют-Транзит қор»- 8,74% және «БТА Құрмет-Қазақстан» – 7,79% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 80,80% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың қараша айында 186 (0,58%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 желтоқсанда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 469,2 млн. теңгені құрап 32 173 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ-нан басқа қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 61,72%, «ҰларҮміт»- 18,73% және «Капитал» – 12,09% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,54% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан халық банкі» қорларында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 288, дербес зейнетақы шоттарда 15,97 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың қараша айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 35 (1,08%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.12.04ж.	01.12.05ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 887 147	7 528 281	641 134	9,31
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	30 055	32 173	2 118	7,05
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	1 999	3 288	1289	в 1,6 раза

**Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың қараша айында 16 044 млн.теңгеге (2,63%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 626 351 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


(млн.теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.12.02 ж.	257 907	84 142	48,42
01.12.03 ж.	355 978	98 071	38,03
01.12.04 ж.	466 430	110 452	31,03
01.12.05 ж.	626 351	159 921	34,29

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 желтоқсанмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 3,26 проценттік тармаққа ұлғайып 34,29% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 161 855 млн. теңге немесе 25,84%, «МЖЗҚ» – 123 388 млн. теңге немесе 19,70%, «ҰларҮміт» – 112 959 млн. теңге немесе 18,03%, «БТА Құрмет-Қазақстан» – 45 737 млн.теңге немесе 7,30% және «АБН АМРО КаспийМұнайГаз» – 44 616 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,12%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 77,99% келді.

#### 2005 жылдың 1 желтоқсандағы жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың қараша айында 3 649 млн. теңгеге (2,52%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 148 287 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млн. теңге)

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.12.2002 ж.	73 619	26 982	57,86	28,54
01.12.2003 ж.	95 820	22 201	30,16	26,92
01.12.2004 ж.	109 254	13 434	14,02	23,42
01.12.2005 ж.	148 287	39 033	35,73	23,67


Көрсетілген кестеде инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Бірақ, 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің

өсім қарқыны 2004 жылдың 1 желтоқсанмен салыстырғанда 21,71 проценттік тармаққа ұлғайып 35,73% болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылғы 1 қарашадағы 23,42% кезде 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 23,67% болды немесе 0,25% проценттік тармаққа өсті.

Ағымдағы жылдың қараша айында жалпы **зейнетақы жарналарының** түсуі 12 972 млн. теңгеге (2,68%) өсіп, 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 496 496 млн. теңге болды.

### Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** 3 661 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың қараша айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 168 млн. теңге өсімпұл аударылды немесе алдыңғы есепті кезеңімен салыстырғанда 2,3%-ке төмен болды.

**Зейнетақы төлемдері** ағымдағы жылдың қараша айында 802 млн.теңгеге (2,35%) өсіп, 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 34 990 млн. теңге болды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 желтоқсанда жинақталған зейнетақы қаражаты 93 992 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың қараша айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 1 749 млн.теңгені құрады.


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 51,62%, «ҰларҮміт» - 12,40% және «Қазақстан Халық Банкі» - 10,05% және «БТА Құрмет-Қазақстан» - 6,41% немесе осы 4 қорға аударымдардың жалпы сомасының 80,48% келеді.

### Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 627 442 млн. теңгені құрап, 2005 жылдың қазан айында 16 207 млн. теңгеге немесе 2,65%-ке өсті.

2004 жылғы 1 желтоқсанмен 2005 жылғы 1 желтоқсан аралығында зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 14,3 млрд. теңге болды.

## Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	в %
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	54 698	8,72
АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ АО	44 676	7,12
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	10 022	1,60
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	54 311	8,66
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ АО	2 242	0,36
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 987	2,55
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	26 551	4,23
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 531	1,52
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	12 122	1,93
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	12 122	1,93
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	30 898	4,92
АО "Накопительный пенсионный "Валют-Транзит Фонд"	30 898	4,92
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	15 808	2,52
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 808	2,52
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	113 125	18,03
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	113 125	18,03
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	14 895	2,37
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	14 895	2,37
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	123 545	19,69
"БТА Құрмет-Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ АО	45 810	7,30
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	162 230	25,86
<b>Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>627 442</b>	<b>100,00</b>

2005 жылғы 1 желтоқсанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 621 392 млн. теңгені құрады да, 2005 жылғы қараша айында 15 158 млн. теңгеге немесе 2,50%-ке өсті.

## ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>224 009</b>	<b>36,05</b>
ҚР еврооблигациялары	3 859	0,62
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	141 850	22,83
Ұлттық Банктің ноттары	78 222	12,59
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	78	0,01
<b>Екінші деңгейдегі банктердің салымдары</b>	<b>103 641</b>	<b>16,68</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>3 755</b>	<b>0,60</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>29 298</b>	<b>4,71</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:</b>	<b>247 995</b>	<b>39,91</b>
акциялар	51 086	8,22
облигациялар, оның ішінде:	196 909	31,69
АҚШ долларына номинирленген	5 959	0,96
теңгеге номинирленген	190 950	30,73
<b>Негосударственные ценные бумаги иностранных эмитентов</b>	<b>12 395</b>	<b>2,00</b>
акциялар	3 970	0,64
облигациялар	8 425	1,36
<b>Шетел инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>299</b>	<b>0,05</b>
<b>жиынтығы:</b>	<b>621 392</b>	<b>100,00</b>

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфелдерінде елеулі бөлігін алып отыр және 224 009 млн. теңгені құрады немесе 36,05% болды. 2005 жылғы 1 қарашамен салыстырғанда МБҚ көлемі 1 587 млн. теңгеге немесе 0,71%-ке өсті. 2005 жылы қараша айында Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 5 916 млн. теңгеге немесе 2,44%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 7 295 млн.теңгеге немесе 7,57%-ке өсіп 103 641 млн. теңге болды.

2005 жылы қарашада зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,60% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2005 жылы қараша айында 4,84%-ке төмендеп, 29 298 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 2,00% болды.

### Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2002 жылғы қарашадағы – 2005 жылғы қарашадағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2005 жылғы 1 қарашада номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 19,58% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www.afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

### **Қорлардың қаржы жағдайы**

Қорлардың **жиынтық меншік капиталы** 2005 жылы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 11 969,2 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 198,9 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 51,8% болды. Есепті айда меншікті капиталы 128,9 млн.теңгеге немесе 1,09% өсті.

2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомада 1 439,2 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 12,0% болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында барлық қорлар, «Д.А. Қонаев атындағы» және «Капитал» қорларын қоспағанда, жалпы сомасы 3 620,0 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын «Қазақстан Халық Банкі»- 40,8%, «МЗЖК» - 15,7%, «БТА Құрмет-Қазақстан» - 15,7%, «Ұлар Үміт» - 12,1% және қорлары алды немесе осы төрт қор қорлардың жалпы кірісінің 84,3% болды.

2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен **қорлардың қаржы инвестициялары** 9 046,8 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 75,6% болды.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 2 741,8 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 30,3%), мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 491,7 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 38,6%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 2 813,3 млн. теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 31,1%-ін орналастырды.